

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
казак-түрік университетінің ректор өкілі

Женгиз Томар

«23» 12 2021 ж.

**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
казак-түрік университетінің ректоры

Ж.Темирбекова

2021 ж.



**САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ  
УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

УЕ-ХҚТУ-016-2021



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН  
ӨЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1. Академиялық депарментімен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлегендер
  - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
  - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев
3. Келісілді
  - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
  - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
  - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
  - Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Қ.Тубеков
  - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2021 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2024 ж.

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

**Түркістан**



|                                                                       |                            |                             |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>     |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>           |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 2 –ші беті</b> |

## МАЗМҰНЫ

|    |                                |    |
|----|--------------------------------|----|
| 1  | Қолданылу саласы               | 3  |
| 2  | Нормативтік сілтемелер         | 3  |
| 3  | Атаулардың қысқартулары        | 4  |
| 4  | Жалпы ережелер                 | 5  |
| 5  | ББОЖ құрылымы мен мазмұны      | 7  |
| 6  | ББ бекіту және жаңарту тәртібі | 10 |
| 7  | Жауапкершілік және өкілеттілік | 11 |
| 8  | Өзгерістер енгізу тәртібі      | 11 |
| 9  | Келісу , сақтау және тарату    | 11 |
| 10 | Қосымша 1                      | 12 |
| 11 | Қосымша 2                      | 13 |
| 12 | Қосымша 3                      | 14 |
| 13 | Қосымша 4                      | 15 |
| 14 | Қосымша 5                      | 16 |
| 15 | Қосымша 6                      | 17 |
| 16 | Қосымша 7                      | 18 |
| 17 | Қосымша 8                      | 19 |
| 18 | Кесте 1                        | 20 |
| 19 | Үлгі 1                         | 23 |
| 20 | Үлгі 2                         | 30 |
| 21 | Үлгі 3                         | 34 |
| 22 | Үлгі 4                         | 38 |
| 23 | Үлгі 5                         | 41 |
| 24 | Үлгі 6                         | 44 |
| 25 | Үлгі 7 А. Б.В.                 | 46 |
| 26 | Өзгерістерді тіркеу парағы     | 50 |
| 27 | Танысу парағы                  | 51 |

|                                                                       |                            |                             |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>     |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>           |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 3 –ші беті</b> |

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда білім беру бағдарламасының оқу жоспарларын әзірлеуде олардың құрастырылуына, мазмұнына, рәсімделуіне және бекітілуіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Университеттің осы ережесіндегі талаптар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысатын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.3 УЕ-ХҚТУ-016-2021 ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 «Білім туралы» Заңы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (04.07.2018 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен);

2.2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген;

2.3 Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 бұйрығы;

2.4 Өмір бойы білім алуға арналған еуропалық біліктілік шеңбері (EQF). Еуропалық Комиссия, 2008 ж.

2.5 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен);

2.6 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

2.7 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгерістерімен).

2.8 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 22 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 23 қаңтарда № 31751 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен.

2.9 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен).

- Регламенттер;

- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжаттаманың ақпараттарды басқару;

|                                                                       |                            |                             |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>     |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>           |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 4 –ші беті</b> |

### 3. АТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Осы ережеде келесі терминдер мен қысқартулар пайдаланылады:

Университет Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

жоғары арнаулы білім (специалитет) – кемінде 300 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маманның біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

интернатура – клиникалық практикаға рұқсат алу үшін білім алушыларды базалық жоғары медициналық білім беру шеңберінде клиникалық мамандықтар бойынша даярлау нысаны;

магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

резидентура – клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны;

докторантура – білім беру бағдарламалары кемінде 180 академиялық кредитті міндетті меңгеру арқылы тиісті бағыт бойынша философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогтік және (немесе) кәсіптік қызмет үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

кредит – білім алушының (оқытушының) оқу жұмыстары көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

модуль – білім беру бағдарламасының тәуелсіз, өзіндік жеткілікті және толық бөлімі немесе оқыту кезеңі;

модульдік оқыту – модульдік білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

оқыту мерзімі – нақты оқыту нысаны (күндізгі, кешкі, сырттай) бойынша білім беру бағдарламаларын игеру мерзімі;

дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс)) – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

дипломдық жұмыс – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;

дипломдық жоба – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін оқу құжаты;

жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары; жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;

құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті

|                                                                       |                            |                             |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>     |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>           |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 5 –ші беті</b> |

міндетті компонент – МЖМС-да белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;

таңдау компоненті – ЖОО ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі;

үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – УОБ) – Заңның 5-бабының 5-2) тармақшасына сәйкес оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын білім беру бағдарламасының міндетті компонентіндегі пәннің оқу құжаты.

ЖБП- жалпы білім беретін пәндер

БП- базалық пәндер

МК- ЖБП циклі міндетті компонент

ЖК- жоғары оқу орны компоненті

ТК- таңдау компоненті

ББ– Білім беру бағдарламалары;

ЖОО– жоғары оқу орны;

ББОЖ – Білім беру бағдарламасының оқу жоспары;

ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары;

ОБӨЖ– оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы;

БӨЖ– білім алушының өзіндік жұмыстары;

ОБМӨЖ - оқытушының басқаруымен магистранттың өзіндік жұмысы;

МӨЖ – магистранттың өзіндік жұмысы;

ОБДӨЖ- оқытушының басқаруымен докторанттың өзіндік жұмысы;

ДӨЖ – докторанттың өзіндік жұмысы;

ECTS– еуропалық жүйе бойынша кредиттерді қайта санау;

МЖБС- Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Департамент- Академиялық департамент;

СРСО - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы;

ЖКББ - Жоғары кәсіптік білім беру;

ОӘК- оқу-әдістемелік кешен;

СМЖ – сапа менеджмент жүйесі.

## 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1.Бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және докторантура бойынша білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын (бұдан әрі-ББОЖ) әзірлеу ережесі, оқу пәндерінің тізбесі мен академиялық кредиттердің көлемін және тәжірибенің, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер модулі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін, білім беру мазмұнына, білім алушылардың таңдайтын білім беру траекториясына, олардың құрылымына қойылатын талаптар мен бақылау түріне білім алушының даярлық деңгейін бағалауды белгілейтін құжат.

4.1.1. БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің пәндері мен модульдерінің бағдарламалары білім берудің бірқатар салалары бойынша кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы болуы тиіс.

4.2. Әзірлеу саласы.

4.2.1. ББОЖ білім беру нәтижелерін қалыптастыруға таңдалған модульдер (пәндер) негізінде әзірленеді. Модульдерді әзірлеу кезінде модульдердің (пәндердің) арасындағы

|                                                                       |                            |                             |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>     |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>           |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 6 –ші беті</b> |

логикалық байланысының ескерілуі және оқу материалының қайталанбауы қамтамасыз етілуі қажет.

4.3. Пәндерді кодтауда «Жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру оқу пәндерін кодтау жүйесі» ҚР МЖМБС 5.05.001 - 2005 қолданады. Жаңа пән енгізілетін жағдайда пән коды алдыңғы код ретімен жалғасады.

4.4. Әр оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің тұтас санын құрайды. Бұл ретте, пән кемінде 5 академиялық кредиттен кем емес көлеммен анықталады. Ерекше жағдайда пәнді 3,4 академиялық кредитпен бағалауға рұқсат етіледі.

4.5. ББОЖ-да модульдерді (пәндерді) семестрлерге бөлуде қойылатын талаптар:

- бір оқу жылының толық оқу жүктемесі, әдетте, 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды;
- университетте семестр (триместр, тоқсан) бойынша академиялық кредиттердің көлемі дербес бөлінеді;

- Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

4.6. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, оқу жұмыс жоспарларымен және бағдарламалармен айқындалады.

4.7. Аудиториялық сабақ әр пән көлемінің (дәрістер, практикалық, зертханалық, студиялық, жеке):

–денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында клиникаға дейінгі және клиникалық базалық және бейіндеуші пәндер үшін 40%, басқа бағыттарда және денсаулық сақтау бағытының теориялық пәндері үшін 30%, (сағат саны бакалавриат, магистратура, докторантура үшін 15 аптаға, дайындық орталығында оқитын тыңдаушылар үшін 30% 18 аптаға, ± ауытқулар болу шартымен, қалдықсыз бөліну керек) құрайды;

- БОӨЖ үлесі – денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында базалық және бейіндеуші пәндер үшін 10% және дайындық орталығынның тыңдаушылары үшін 30%, басқа бағыттарда 20% құрайды;

- БӨЖ үлесі –денсаулық сақтау (бакалавриат) бағытында базалық және бейіндеуші пәндер үшін 50%, дайындық орталығынның тыңдаушылары үшін 30%, басқа бағыттарда 50% (БОӨЖ, БӨЖ – ның сағат саны бакалавриат, магистратура, докторантура үшін 15 аптаға, дайындық орталығынның тыңдаушылары үшін 18 аптаға қалдықсыз бөлінеді;

-Интернатурада аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 30%-ын, БОӨЖ үлесі 10%-ын, БӨЖ – 60%-ын құрайды (сағат саны 15 аптаға қалдықсыз бөліну керек);

-Резидентурада дайындық аудиториялық жұмысты, клиникалық тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмысты және білім алушының өзіндік жұмысын (бұдан әрі – РӨЖ) қамтиды. Аудиториялық жұмыстың көлемі әр пән көлемінің 10%-ын, клиникалық тәлімгердің басшылығымен өзіндік клиникалық жұмыстың 30%-ын, РӨЖ – 60%-ын құрайды.

4.8. Оқу мерзімдері

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес анықталады:

-Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушылардың барлық оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеру;

-"Ветеринария" даярлық бағыты бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының, сондай-ақ сәулет және дизайн саласындағы білім беру бағдарламаларының ерекшелігін ескере отырып, оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты студенттің кемінде 300 академиялық кредитті игеру;

«Мейіргер ісі» білім беру бағдарламалары бойынша – кемінде 240 академиялық кредит;

|                                                                       |                            |                             |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>     |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>           |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 7 –ші беті</b> |

«Медицина», «Педиатрия» «Стоматология» үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламалары бойынша – кемінде 360 академиялық кредит.

- Магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшем шарты білім алушылардың:

- ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті игеру;
- бейінді магистратурада 1 жыл оқу мерзімімен 60 академиялық кредитті және 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 академиялық кредитті, 1,5 жыл оқу мерзімімен 90 кредиттен кем емес және 110 кредиттен көп емес) игеру;
- Резидентурада оқу ұзақтығы 2 жылдан 4 жылға дейін. 2 жыл оқу мерзімімен 140 академиялық кредитті, 3 жыл оқу мерзімімен 210 кредитті, 4 жыл оқу мерзімімен 280 академиялық кредитті игеру;
- Философия докторларын (PhD, бейіні бойынша докторлар) даярлау білім беру процесінің аяқталғандығының негізгі өлшемшарты докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

## **5. ББОЖ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

### **5.1 Бакалавриат. ББОЖ мазмұнына қойылатын талаптар**

5.1.1. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер (1,2-қосымшалар);

ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

5.1.2. ЖБП циклі тізбесінде міндетті компонент пәндерінің көлемін азайтуға жол берілмейді, оның мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларымен айқындалады.

5.1.3. ЖК және ТК пәндерін даярлаушы кафедра дербес анықтайды және еңбек нарығының қажеттілігін, жұмыс берушілердің күтуін және білім алушылардың жеке мүдделерін ескереді.

5.1.4. ЖБП циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды. Олардың 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі: Қазақстан тарихы, Философия, Қазақ (орыс) тілі, Шетел тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Дене шынықтыру, Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология).

Бұл ретте бакалавриат деңгейіндегі барлық мамандықтар және (немесе) кадрлар даярлау бағыттары бойынша білім алушылар "Қазақстан тарихы" пәнінен оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

5.1.5. ЖБП циклінің ЖК және (немесе) ТК пәндері кемінде 5 академиялық кредитті құрайды, олар білім алушылардың экономика мен құқық саласындағы құзыреттерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларын, ғылыми зерттеу әдістерін қалыптастыруға бағытталған.

5.1.6. ББ даярлаушы кафедра пәнаралық сипатқа ие ЖБП циклінің пәндері бойынша интеграцияланған бағдарламалар әзірлей алады.

5.1.7. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 176 академиялық кредитті құрайды.

|                                                                       |                            |                         |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|-------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> |                            | <i>УЕ-ХҚТУ-016-2021</i> |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <i>2-ші нұсқа</i>       |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | 51 беттің 8 –ші беті    |

5.1.8. Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру бағдарламалары бойынша ДБ циклі оқу пәндерін зерделеуді және кәсіптік практикадан өтуді қамтиды және бағдарламаның жалпы көлемі 240 немесе 300 кредиттен кемінде 110 немесе 140 академиялық кредитті құрайды. (3-қосымша)

5.1.9. Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру бағдарламалары бойынша ПД циклі оқу пәндерін зерделеуді және кәсіптік практикадан өтуді қамтиды және бағдарламаның жалпы көлемі 240 немесе 300 кредиттен кемінде 60 немесе 90 академиялық кредитті құрайды.

5.1.10. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 12 академиялық кредитті құрайды.

## **5.2 Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім. ББОЖ мазмұнына қойылатын талаптар**

5.2.1. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ДБ циклі оқу пәндерін зерделеуді және кәсіптік практикадан өтуді қамтиды және бағдарламаның жалпы көлемі 360 кредиттен кемінде 95 академиялық кредитті құрайды. (4-қосымша)

5.2.2. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша ПД циклі оқу пәндерін зерделеуді және кәсіптік практикадан өтуді қамтиды және бағдарламаның жалпы көлемі 360 кредиттен кемінде 150 академиялық кредитті құрайды.

5.2.3. Үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламалары бойынша кемінде 30 кредит көлемінде интернатурада даярлау жүзеге асырылады.

5.2.4. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік жобаны жазу және қорғау, кешенді емтиханға дайындық және оны тапсыру нысанында өткізіледі.

## **5.3 Магистратура. ББОЖ мазмұнына қойылатын талаптар**

5.3.1 Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны мыналардан тұрады:

- базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқу;
- магистранттарды практикалық даярлау: практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың түрлері;
- ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы немесе бейінді магистратура үшін – магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы.
- қорытынды аттестаттау.

5.3.2. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерінен тұрады.

5.3.3. Жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент пәндерінің тізбесін даярлаушы кафедра дербес айқындайды.

5.3.4. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП циклінің жоғары оқу орны компоненті "Ғылым тарихы мен философиясы", "Шет тілі (кәсіби)", "Жоғары мектеп педагогикасы", "Басқару психологиясы" пәндерін, бейінді бағыт үшін "Менеджмент", "Басқару психологиясы", "Шет тілі (кәсіби)" пәндерін қамтиды.

5.3.5. Даярлаушы кафедралар пәнаралық сипатқа ие БП циклінің жоғары оқу орны компоненті пәндері бойынша интеграцияланған бағдарламалар әзірлейді.

5.3.6. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 35 академиялық кредитті құрайды. Олардың 20 академиялық кредиті ЖК-ға тиесілі. (5-қосымша)



|                                                                       |                            |                             |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>     |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>           |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 9 –ші беті</b> |

5.3.7. Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 15 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды. Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі оқу мерзімдері 1 жыл және 1,5 жыл болатын 6 академиялық кредитті құрайды. (6-қосымша)

5.3.8. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 53 академиялық кредитті құрайды.

5.3.9. Бейінді бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі даярлаушы кафедраның қалауы бойынша ЖК мен ТК арасында бөлінетін магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 29 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 49 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.

5.3.10. Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдеттегідей, бірқатар білім салалары үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және мультипәндік сипатта болуы тиіс.

5.3.11. Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау түрінде жүргізіледі.

#### **5.4 Докторантура. ББОЖ мазмұнына қойылатын талаптар**

5.4.1. Теориялық оқыту докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және жоғары ЖК және ТК, практиканы қамтитын БП және бейіндеуші пәндер циклдерінен тұрады. Бұл ретте, БП және бейіндеуші пәндер көлемінің арақатынасын ЖОО дербес анықтайды. (7-қосымша)

5.4.2. ЖК және ТК пәндерінің тізбесін даярлаушы кафедра дербес анықтайды. Бұл еңбек нарығының қажеттілігі, жұмыс берушілердің үміттері, докторанттардың қажеттіліктері мен мүдделері есепке алынады.

Докторантураның ББОЖ:

- PhD бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – педагогикалық және зерттеу практикасын;
- бейінді докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – өндірістік практиканы қамтиды.

5.4.3. Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми құрамдасы докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – ДЭЗЖ), ғылыми жарияланымдарынан, докторлық диссертацияларды жазу мен қорғаудан құрылады.

5.4.4. Докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 123 академиялық кредитті құрайды.

5.4.5. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 кредитке тең және бір оқу жылында 1800 академиялық сағатта сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде докторант 30 академиялық кредитті меңгереді.

#### **5.5 Резидентура. ББОЖ мазмұнына қойылатын талаптар**

5.5.1. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі бір оқу жылы ішінде кемінде 70 академиялық кредитке (2100 академиялық сағат) сәйкес келеді. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа тең. Оқу жылында аралық аттестаттаумен (немесе бітіру курсына қорытынды аттестаттаумен) аяқталатын екі академиялық кезең көзделеді. Бітіруші курсты қоспағанда, білім алушыларға жалпы ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайтын демалыс беріледі.

|                                                                       |                            |                              |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|------------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>      |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>            |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 10 –ші беті</b> |

5.5.2. Резидентурада даярлау аудиториялық жұмысты, клиникалық тәлімгердің басшылығымен дербес клиникалық жұмысты және білім алушының өзіндік жұмысын (бұдан әрі – СӨЖ) қамтиды. Теориялық даярлық көлемі оқу бағдарламасы көлемінің 10% - ынан аспайды.

5.5.3. Резидентураның ББОЖ теориялық және клиникалық даярлаудан, аралық және қорытынды аттестаттаудан тұрады. (8-қосымша)

5.5.4. Оқу жылының ұзақтығына сәйкес кредиттер көлемі:

- 2 жыл оқу-140 кредитті (Бейіндеуші пәндер циклы (БНП)-134 кредит, міндетті компонент (МК)-132 кредит, таңдау компоненті (ТК)-4 кредит, аралық аттестаттау (АА)-2 кредит, қорытынды аттестаттау (ҚА)-2 кредит);

- 3 жыл оқу-210 кредитті (Бейіндеуші пәндер циклы (БНП)-202 кредит, міндетті компонент (МК)-19 кредит, таңдау компоненті (ТК)-8 кредит, аралық аттестаттау (АА)-4 кредит, қорытынды аттестаттау (ҚА)-2 кредит);

- 4 жыл оқу-280 кредитті (Бейіндеуші пәндер циклы (БНП)-270 кредит, міндетті компонент (МК)-258 кредит, таңдау компоненті (ТК)-12 кредит, аралық аттестаттау (АА)-8 кредит, қорытынды аттестаттау (ҚА)-2 кредит) құрайды.

## **6. ББ БЕКІТУ ЖӘНЕ ЖАҢАРТУ ТӘРТІБІ**

6.1. Кафедрада әзірленген бакалавриат, интернатура, резидентура, магистратура және докторантура ББОЖ жобасы ББ-мен бірге факультеттің оқу-әдістемелік комитетінде талқыланады, университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылып, бекітіледі, ҚР БжҒМ Реестріне ұсынылады.

6.2. ББОЖ ҚР БжҒМ Реестрі сарапшыларынан оң бағаға қол жеткізіп, тіркелген ББ-мен бірге толық рәсімделіп, университет вице-ректорымен бекітіледі (Үлгі 1,2,3).

6.3. ББОЖ негізінде білім алушылардың бір жылдық оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ), (Үлгі 4,5,6,7), элективті (пәндер) каталогы әзірленеді.

6.4. ОЖЖ келесі оқу жылына пәндер презентациясында таңдалған пәндер негізінде жасалады.

6.5. ОЖЖ оқытушының оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу үшін негіз болып табылады. ОЖЖ-да пәндер бойынша оқу жұмыс түрлерін үлестіру жазылады (1 кесте).

6.6 Кафедрада 4 тілде (қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде) әзірленген ООЖ факультеттің оқу-әдістемелік комитетінде талқыланады, университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылып, бекітіледі.

6.7 Бекітілген ББ түпнұсқасы, ОЖЖ ӘЖҰБ сақталады, сканерленген электрондық нұсқасы барлық құрылымдық бөлімдерге таратылады.

|                                                                       |                            |                              |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|------------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>      |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>            |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 11 –ші беті</b> |

|                                                                       |                            |                              |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|------------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b>      |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> | <b>2-ші нұсқа</b>            |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>57 беттің 11 –ші беті</b> |

6.8 Қолданыстағы ББ мен ББОЖ оқу жылында жүргізілген мониторинг нәтижелеріне, еңбек нарығындағы қажеттіліктерге, ғылым мен білім саласындағы өзгерістерге, жұмыс берушілердің, бітірушілердің және білімгерлердің талап тілегіне және ҚР БҒМ дайындаған нормативті құжаттарға байланысты әрбір оқу жылының соңында кафедрадағы жұмыс тобымен қайта қаралып, өңделеді.

6.9 Өзгерістер енгізілген ББ мен ББОЖ кафедра тарапынан БжҒМ Реестріне тіркеуге ұсынылады. Жаңартылған ББ қайта рәсімделіп, бекітіледі.

## 7. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК

7.1 Университетінің осы ережесі талаптарының енгізілуіне жауапты Академиялық департамент директоры болып табылады.

7.2 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын Академиялық мәселелер вице-ректоры, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры қадағалайды.

## 8. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

## 9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы ережені талқылау және келісу Академиялық комитет мәжілісі отырысында жүзеге асырылады, Сенат мәжілісінде бекітіледі.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасы СРСО-на сақтауға беріледі.

## КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры  Э.И. Идрисова

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры  А.О. Ошибаева

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы  Ж.Дарибаев

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы  К.Тубеков

Заң бөлімінің басшысы  Г.Мусаханов

|                                                                       |                            |                                        |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------------------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021<br/>2-ші нұсқа</b> |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> |                                        |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 12 –ші беті</b>           |

**Қосымша 1**

Жоғары білім берудің  
мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандартына  
1-қосымша

**Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымы**

| №  | Пәндер мен циклдердің атауы                                                            | Жалпы еңбек сыйымдылығы   |                            |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|----------------------------|
|    |                                                                                        | академиялық сағат бойынша | академиялық кредит бойынша |
| 1  | 2                                                                                      | 3                         | 4                          |
| 1  | Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі                                                 | 1680                      | 56                         |
| 1) | Міндетті компонент                                                                     | 1530                      | 51                         |
|    | Қазақстан тарихы                                                                       | 150                       | 5                          |
|    | Философия                                                                              | 150                       | 5                          |
|    | Шетел тілі                                                                             | 300                       | 10                         |
|    | Қазақ (Орыс) тілі                                                                      | 300                       | 10                         |
|    | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)                             | 150                       | 5                          |
|    | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) | 240                       | 8                          |
|    | Дене шынықтыру                                                                         | 240                       | 8                          |
| 2) | Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті                             | 150                       | 5                          |
| 2  | Базалық және бейіндеуші пәндер циклі (БП, БП)                                          | кемінде 5280              | кемінде 176                |
| 1) | Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті                             |                           |                            |
| 2) | Кәсіптік практика                                                                      |                           |                            |
| 3  | Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)                                                         |                           |                            |
| 1) | Таңдау компоненті                                                                      |                           |                            |
| 4  | Қорытынды аттестаттау                                                                  | кемінде 240               | кемінде 8                  |
|    | Барлығы                                                                                | кемінде 7200              | кемінде 240                |

|                                                                       |                            |                                              |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------------------------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021</b><br><b>2-ші нұсқа</b> |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> |                                              |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 13 –ші беті</b>                 |

**Қосымша 2**

Жоғары білім берудің  
мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандартына  
2-қосымша

**Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымы**

| №  | Пәндер мен циклдердің атауы                                                            | Жалпы еңбек сыйымдылығы   |                            |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|----------------------------|
|    |                                                                                        | академиялық сағат бойынша | академиялық кредит бойынша |
| 1  | 2                                                                                      | 3                         | 4                          |
| 1  | Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі                                                 | 1680                      | 56                         |
| 1) | Міндетті компонент                                                                     | 1530                      | 51                         |
|    | Қазақстан тарихы                                                                       | 150                       | 5                          |
|    | Философия                                                                              | 150                       | 5                          |
|    | Шетел тілі                                                                             | 300                       | 10                         |
|    | Қазақ (Орыс) тілі                                                                      | 300                       | 10                         |
|    | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)                             | 150                       | 5                          |
|    | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) | 240                       | 8                          |
|    | Дене шынықтыру                                                                         | 240                       | 8                          |
| 2) | Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті                             | 150                       | 5                          |
| 2  | Базалық және бейіндеуші пәндер циклі (БП, БП)                                          | кемінде 7080              | кемінде 236                |
| 1) | Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті                             |                           |                            |
| 2) | Кәсіптік практика                                                                      |                           |                            |
| 3  | Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)                                                         |                           |                            |
| 1) | Таңдау компоненті                                                                      |                           |                            |
| 4  | Қорытынды аттестаттау                                                                  | кемінде 240               | кемінде 8                  |
|    | Барлығы                                                                                | кемінде 9000              | кемінде 300                |

|                                                                       |                            |                                        |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------------------------------------|
| <b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b> |                            | <b>УЕ-ХҚТУ-016-2021<br/>2-ші нұсқа</b> |
| <b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>                                     | <b>Университет ережесі</b> |                                        |
| <b>Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын әзірлеу ережесі</b>   |                            | <b>51 беттің 14 –ші беті</b>           |

*Қосымша 3*

Денсаулық сақтау саласындағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына қосымша

**"Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша жоғары білім беру бағдарламасының оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар**

| №  | Циклдер мен пәндердің атауы                                                       | Жалпы еңбек сыйымдылығы |                         |                              |                         |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|-------------------------|------------------------------|-------------------------|
|    |                                                                                   | Мейіргер ісі            |                         | Фармация, Қоғамдық денсаулық |                         |
|    |                                                                                   | Академиялық сағаттарда  | Академиялық кредиттерде | Академиялық сағаттарда       | Академиялық кредиттерде |
| 1  | 2                                                                                 | 3                       | 4                       | 5                            | 6                       |
| 1  | Жалпы білім беретін пәндер циклі (ЖБП)                                            | 1680                    | 56                      | 1680                         | 56                      |
| 1) | Міндетті компонент                                                                | 1530                    | 51                      | 1530                         | 51                      |
|    | Қазақстан тарихы                                                                  | 150                     | 5                       | 150                          | 5                       |
|    | Философия                                                                         | 150                     | 5                       | 150                          | 5                       |
|    | Шет тілі                                                                          | 300                     | 10                      | 300                          | 10                      |
|    | Қазақ (орыс) тілі                                                                 | 300                     | 10                      | 300                          | 10                      |
|    | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)                        | 150                     | 5                       | 150                          | 5                       |
|    | Әлеуметтік-саяси білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, психология) | 240                     | 8                       | 240                          | 8                       |
|    | Дене шынықтыру                                                                    | 240                     | 8                       | 240                          | 8                       |
| 2) | ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті                                    | 150                     | 5                       | 150                          | 5                       |
| 2  | Базалық пәндер циклі (ДҚ)                                                         | Кемінде 330             | Кемінде 110             | Кемінде 4200                 | Кемінде 140             |
| 1) | ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті                                    |                         |                         |                              |                         |
| 2) | Кәсіптік практика                                                                 |                         |                         |                              |                         |
